

Аматың жойылады сан ғасыр.
Жасыл желек құлпырса жан жағымыз,
Шуақты боп атады таңдарымыз.
Болашаққа сеніммен бастайтұғын
Орындалсын әрқашанда арманымыз.

Біз табиғаттың құрамдас бөлшегіміз. Адам табиғатсыз өмір сүре алмайды, тіршілікке керекті барлық құрал – жабдықтарды аяулы табиғатымыздан алады. Сондықтан біз табиғатты аялайық!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1) Шығармалар. Абай Құнанбаев. – Алматы: Мөр баспасы. 1994.
- 2) Ысмағұлов Ж.. Абай: Даналық кітабы. - Алматы: Өнер баспасы/2007.
- 3) Бейсенова Ә.С. Экология және табиғатты тиімді пайдалану. - Алматы, 2004.
- 4) Жатқанбаев Ж.Ж.. Экология негіздері. - Алматы, 2008.
- 5) Экологияның рухани өрісі. Қ.Б. Бекішев, Қ.Д. Асанов. Қарағанды. 2014.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ЖӘНЕ «КӨКШЕТАУ» ПОЭМАСЫ

*Бекішев Қ.Б., б.ғ.к, профессор,
Манатова А. студент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

«Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әрқайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа жұпар иісін,
Көкірек қанша жұтса таясын ба?»[2,22]

Бұл қазақтың кербез ақыны Сәкен қалдырып кеткен «Көкшетау» поэмасынан үзінді. Жаңарқаның мөлдір ауасын жұтып, Сарыарқаның қара топырағына аунап ер жеткен Сәкен Сейфуллин қазақ поэзиясына жаңа түр, тың мазмұнмен байытқан ақиық ақын, ірі мемлекет қайраткері, сарабал жазушы, драматург, қаламгерлердің бетке ұстар беделді серкесі, келбетті де сымбатты қазақ сал-серілерінің бірі. Әр түрлі тақырыпта қалам тартып, салиқалы жазған еңбектерімен дара бағаланатын Сәкеннің табиғат лирикасындағы басты шығармасы, бірнеше тараудан тұратын «Көкшетау» пэмасы болып табылады. Бұл поэманың ең басты ерекшелігі барлық ғылым саласымен тығыз байланысты. Мысалға, экология саласымен алыа байланыстырып көреклік.

Қарасан көзін тоймайтын, сұлулығына тамсанып махаббатын ойнайтын Көкшетаудың табиғаты керемет, құтты жәннат дерсін. Мұны жалғыз мен емес Сәкен ақында мойындаған, жырлаған. Мәселең, Көкшенің әрбір шыңы тірі жан баласы аяқ басып бара алмайтын, барғанның өзінде қайта қайтып оралмайтындай заңғарлығын:

«Қарағай биік шыңды қиялаған,
Еш адам оны барып қия алмаған.
Шаңқылдап, тау жаңғыртып, шыңға қонып,
Жалғыз-ақ көк қаршыға ұялаған.»[2.22]- деп суреттеген

Бұл жыр шумақтарында бізді қоршаған табиғаттың бейнесін суреттейді. Яғни, табиғат дегеніміз ол экология ғылымының зерттейтін нысаны. Ақын бірінші экологиялық тұрғыдан табиғат жаратылысын зерттеп алып барып, көркем тілмен сипаттап қағаз бетіне түсірген.

Көкшенің аясында үлкен, пішіні жантайып жатқан адам бейнесіне ұқсайтын бір жарта бар. Ақын сол жартасты өзінің поэмасының «Жеке батыр» тарауында былай деп суреттейді.

«Болыпты баяғы да жеке батыр,
Тау бағып жатады екен тігіп шатыр.
Бір күні қарауылда қалғып кетіп,
Сол батыр бүгінгіше ұйқтап жатыр.»[2.23]

Ақын табиғат көрінісін аңызбен суреттей отыра экология мен әдебиет арасындағы байланысты нығайтып отыр. Тіпті сол тауға жасы қырыққа келген, жоталары биік, яғни ірі денелі, сақалын төсін жапқан деп тасын жарып, өскен ағаштары бар деген мағынада, қыр мұрынды, басында дулығысы

бар деп сипаттайды. Бұл да ақын қиялының үшқрлығын білдіретін тәрізді.

Осы поэманың басты көркем бөлігінің бірі «Бурабай» тарауы. Бұл тарауда Көкшетаудың баурайын мекен еткен Ақбас бура жайлы аңыз әңгімеленеді. Талай жылдар тұрағына айналған сол мекенде Ақбас бураны Абылайдың баласы сотқар Қасым төре садағымен оқ жаудырып мерт қылған. Сол уақыттан кейін Ақбас бураның денесі тау болып үйіліп, әлі күнге дейін орнынан тапжылмай тұрғандығы да осы аңыз желісі бойынша жазылған. Сол себепті осы аймақты Көкшетаудың көлі, Қасымның атылған оғы, көзімен көрген халқы, мұнар тауы мен ызындап соққан желі куә болып, Бурабай атап кеткен екен.

«Мөп-мөлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.
Мінбелеп қоршалаған шымылдықтай,
Қарағай, қайынменен қалың жыныс.
Дүниеде әрбір бөлек жердің аты,
Себеппен қойған бәрін елдің аты.
Бурабай атаныпты содан бері,
Ақ бура мекен қылған көлдің аты» [2.24]

Осы тарауда Сәкен Сейфуллин тек аңызға ғана емес, сол аймақта өсетін ағаш түрлерін, мекендейтін жануарларын, тіпті көлінің мөлдір суында жыр жолына қосқан.

Көкшетаудың тағы да бір көркем жерлерінің бірі – Оқжетпес. Оқжетпестің ұшар басы бұлтпен астасып тұрғаны сонша, шығ басына қарасан басындағы тақиян түсетіндей қадалып тұрған найза тәрізді. Ақынның жазған аңызына сүйенсек, ертеректе бұл аймақта қалмақ пен қазақ арасындағы үлкен шайқас болған. Сол шайқаста қазақтар жеңіске жетіп, қалмақтың уыздай жасжас, он екі де бір гүлі ашылмаған аруын құлдыққа алады. Қазақтың бар батырының көңілі қалмақ қызына кетіп, бір-бірімен жанжлдасып, қырқысады. Сонда қалмақ қызы «егер кімде-кім менің мына ақ орамалымды жардың басында желбіретсе, мен соның жары болуға келісемін» деп шарт қояды. Деседе, талай жауды ойсырата женген батырлардың ешбірінің де оғы шыңға жете алмайды. Сол мезеттен бері бұл шыңның басы «Оқжетпес» деп аталып кеткен екен.

Батырлардың оғы шыңға жете алмағанын көрген қалмақ қызы Абылай ханға «Менің шартымды орындай алмады. Олай болса мен тағы екі түрлі жарыс айтайын. Қай батыр жеңіске жетсе, мен соның жары боламын. Бірінші, батырлардың әрқайсысы арқасына төрт адам асып алып белгілі бір аймақта жарыссын»-дейді, қалмақ қызы. Бірақ батырлардың барлығы дерлік бір мзгілде мәре сызығына жетеді. Сонда қалмақтың қызы «мен бір жұмбақ жасырайын. Егер кім сол жұмбақтың жауыбын дұрыс тапса, мен соған тұрмысқа шығамын»-деп ханға өтініш жасайды. Осы арудың қойған жұмбағын Адақ атты батыр шешіп, жұмбақтың астындағы терең мағыналы қыз тағдырын жасырғандығын түсініп, басына бас бостандығын береді ді, осы оқиғадан кейін Көкшенің бұл аймағы «Жұмбақтас» деп аталып кетеді. Бұлар Көкшенің ең маңызды адам аяғы көп тиеді деген тұстары ғана. Шындығына келгенде, поэманың ауқымы кең және өте көркем тілде жазылған. Оған мына шумақтар да мысал болады.

«Арқаның кербез сұлу Көкшетауы,
Дамылсыз сұлу бетін жуған жауын.
Жан-жақтан ертелі кеш бұлттар келіп,
Жүреді біліп кетіп есен – сауын.
Ылғалған көкке бойлап қарағайлы,
Қасында көк желекті аппақ қайың.
Жібектей желмен шарпып төңіректі,
Балқытып мас қылады иіс майы» [1,173]

Ендігі кезекте осы ақын жырлаған кезен мен қазіргі таңдағы табиғат күйін алып қарастырайық. Сол уақытта қазақ жері ғажап, ауасы таза, демінді алсан көкірегің ашылатындай, суы мөп-мөлдір тұнық, бір ішсең шөлінді қандырар, салқын ескен самалды желі көңіліндегң жайсыз сезімдердің барлығын қоса алып кететіндей табиғат көрінісі болған тәрізді. Ал қазір ше... Қазір қарап отырсақ, аттаған әр қадамының астында шашылған қағаз қалдықтары, сусынның несе спиртті ішімдіктердің босап қалған бөтелкелері, одан қалып жатса ұсақталып қалған темекінің қалдықтары шашылып жатады. Ауасы да мүлде лас. Көптеп ашылып жатқан өндіріс орындары мен ашық және

жабық түрде пайдалы қазбалар өндірілетін фабрикалар өте көп. Солардың арқасында төбемізден химиялық улы газдармен жасалған қара бұлттан айрылмайтын болдық. Сол поэмада жырлаған Көкшетауда бүгінгі күнде үлкен демалыс орындарының бірі. Әрине ол жақсы ғой. Көптеген туристер келеді, елімізді таниды. Дегенмен, біз табиғатты ойлауымыз керек. Табиғат аясында демалуға шыққанда қалған тамақтар мен қоқымдарды өзімізбен алып жүріп, келіп жатқан шетелдік қонақтарға да сондай өнегелі үлгі көрсетіп, экологияның дамуына жұмсалған жұдырықтай ат салысуымыз керек. Сонда ғана поэмада суреттелген ғажап көрініс мәңгілікке сол қалпы сақталып қалмақ.

Қазақ елі табиғатын сақтап, аң-құстарын атпаған, обал, сауап болады деген дүниелерді берік ұстанған дана халық. Айналасын ластамай, қоқыстарын тастамай көркем де қымбат, күллі әлем бойынша жер көлемі жағынан жетінші орынды иеленетін даласын әнге болсын, әңгімеге болсын ғажап теңдеулермен бір ауы сөз арқылы сипаттап сыйдырған халық. Осы мақаланы жазудағы көздеген мақсатым өз елінің дана ақыны жырлаған жырын, өз жерімнің жәннаты аймағын өзге, яғни әдебиет әлемінен тыс жүрген қазақ жастарына таныстырғым келді. Ал мақаланы жазу барысында түйгенім, ақын бұл поэманы жазғанда астарлы түрде табиғатты аялау, бағалау керектігін мензеген тәрізді. Жаратушымыз бізге сондай табиғат байлығын берді, сыйлады. Ендігі кезекте біз сол қазынамызды жоғалтып алмасқа әрекет жасау – жасамауымыз тек қана өзімізге байланысты деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Экологияның рухани өрісі. Қ.Б.Бекішев. Қ.Д.Асанов. Қарағанды. Арко:2014 ж
2. Көкшетау: Жыр – дастандар. С. Сейфуллин. Құрастырған Т.Кәкішев. Алматы. Жазушы баспасы. 1994 жыл. 296 бет

М.МАҚАТАЕВТЫҢ ЛИРИКАЛЫҚ ӨЛЕҢДЕРІ

*Бекішев Қ.Б., б,з,к, профессор,
Нұрақбай Ә., студент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

«Әй, табиғат!
Шеберсің-ау, шеберсің.
Көрмегенді көрсетерсің, берерсің
Ұлан-ғайыр байлығыңды місе етпей
Ашкөзденген адамдарға не дерсің?
Айың анау, күнің анау, жер міне.
Ау, Адамдар
Жетпей жатыр енді не?!
Табиғатқа таласпаңдар, ағайын
Асырайды ол сені, мені, елді де» -

-деп жырлай келе Мұқағали әлемі – тазалықтың әлемі. Таза болатын себебі, ол үнемі жүрегінің түбіндегі, көкірек кенішінің тұнығындағы ойды айтты. Оны көркем сөзбен кестелеп жеткізді. «Айтып өткенақында арман барма, Жүрегінің түбінде кір жасырмай» деп өзі айтқандай жүрегіне жалғандық атауы болмаған. Мұқағали Мақатаев шығармашылығына түгелдей зер салып қарасам ашылмаған, айтылмаған сырлар көп екен. Мәселен, Мұқағали лирикасында табиғат анаға деген махаббат, оған деген қамқорлық пен жанашырлық сезімдері бірден байқалады. Атап айтсақ: «Тастағы гүл», «Туған жерім», «Жапанда жалғыз жас емен», «Ақ гүл», «Жас қайың», «Әй, табиғат», «Көктем», «Жер», «Мына дүние», «Тау бұлағы да ағады», «Шабындықта» тағы сол секілді көптеген ой қозғайтын өлеңдері өскелең ұрпақ тәрбиесінде алар орны ерекше.

Мұқағали жырының кеңістігі шексіз. Ақынның кіндік қаны тамған жерге Отанына деген махаббаты оның өлеңінен, болмысынан сезіледі. Мысалы: «Қазақстан» деген өлеңіндегі

«Қазақстан!
Пай, пай, пай